

АНТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Антика мәдениеті

- «Антика» ұғымы Қайта өрлеу заманында пайда болды, бұл терминді итальяндықтар греко-рим мәдениетін анықтау үшін енгізді (латынның ежелгі деген сөзінен). Антика мәдениеті Европа мәдениетінің дамуында шығар нүкте болды. Ежелгі Греция адамды табиғаттың көркем де жетіліп жаратылған жаны, барлық заттар өлшемі ретінде ашты. Антика мәдениеті үшін дүниені тануда ұтымды (теориялық) тәсіл, эмоционалдық-эстетикалық қабылдау, әлеуметтік-практикалық және теориялық проблемаларды шешуде үйлесімді логика мен өзіндік дербестігі тән. Ежелгі грек мәдениетіне тән келесі белгілерді атап көрсетуге болады: ол ең алдымен космологиялы. Космос оның абсолюті болады.

- Космос грекше бұл ғалам әлемі ғана емес, бей-берекеттікке қарсы тұратын әлемдік тұтастық, әдемілік. Сұлулық, өлшем, үйлесім. Антика адамы барлық осы қасиеттермен адам арасындағы ара қатынасты белгілейді және грек мәдениетінің космологизмі антропоцентризмді болжайды. Ежелгі гректердің құдайлары антропоморфты, ал адамның денесі грек мәдениетінің барлық пішіндерінің өлшемі болады. Гректер риторикада шешендердің ең тамаша сөздерін атлеттердің әсем денелерімен салыстырған, ал сәулет өнеріндегі математикалық есептеулер адам денесінің пропорцияларымен ара қатынаста болған.

Ежелгі Грекия





**Ежелгі Грекия — б.
з.б. III**

мыңжылдықтан б.з.
б. I ғасырына дейін
болған ежелгі грек
мемлекеттері
жерінің жалпы аты;
Балкан түбегінің
оңтүстігін, Эгей
теңіздегі аралдарды,
Фракия жағалауын,
Кіші Азияның батыс
өңірін ала
орналасқан.

- Грек отаршылдығы дәуірінде (б.з.б. 8-6 ғ. бұл мемлекеттер өз ықпалын Италия, Шығыс Сицилия, Оңтүстік Франция жеріне, Африканың солтүстік жағалауына (Киренаикаға), Қара теңіз бен Азов Теңізінің бұғаздары мен жағалауларына дейін таратып, сол жерлерде грек отарлары ашылған.
- Тарихшылардың көбісі Ежелгі Грекияны батыс өркениетінің негізін салушысы ретінде қарастырады. Ежелгі Грекия өркениеті әлемдік демократияның отаны ретінде¹, батыс философияның, архитектураның, мүсіндеменің, поэзияның, театрдың және ғылымдардың негізгі принциптерінің негіздеуші, Олимпиады ойындардың бастаушысы болып есептеледі.

Ежелгі грек құдайлары

Аид



жер асты өлі жандардың
патшалығының құдайы.

Афродита




махаббат пен сұлулық пірі

Зевс



жоғарғы әмірші құдай

Посейдон



су құдайы

Ежелгі Рим мәдениеті



- Рим мәдениеті көне дәуір мәдениетінің қорытындылаушы кезеңі болды. Ежелгі Рим мәдениетінің қалыптасу кезеңінде (б.з.б. 8 — 4 ғасырлар) этрустардың сәулет өнері үлгілерін бойына сіңірді. Ежелгі ғибадатханалар (Римдегі Капитолийлік Юпитер ғибадатханасы), кескіндеме үлгілері мен сән және қосалқы өнері этрус өнері үлгілерін бойына сіңірді. Б.з.б. 2 ғасыр мен 1 ғасырдың 1-жартысында базиликалар мен термалар салына бастады. Б.з.б. 3 — 1 ғасырлардағы бейнелеу өнерінде портреттік мүсін ескерткіштер мен сыралғылар кең тарады. Бертінгі республика дәуірінде мүсін өнерінен эллиндік бағыт орын алып, грек ескерткіштерінен жаппай көшіру дәстүрге айналды. Монументтік сәндік кескіндеме жоғары сатыға көтерілді, мозаика мен глиптика өнері қанат жайды.

- ◎ Сәулет өнері империяның гүлдену кезеңінде (б.з.б. 1 ғасырдың 20-жылдары — б.з. 2 ғасыр) шарықтау биігіне көтерілді. Осы тұста арка мен ордердің, ғимаратты қабырға өрнек және мүсін ескерткіштерімен, мәрмәрмен безендірудің рөлі артты. Сәулет өнері бірте-бірте император мен империяның ұлылығын дәріптеу құралына айналды. Ежелгі Римдегі ең ірі амфитеатр — [Коллизей](#), [Трая заманында](#) — Рим қаласындағы форумдар (111 — 114, арх. Дамаскілік Аполлодор), Адриан кезіндегі ежелгі замандағы күмбезді құрылыстардың ең ірісі — Пантеон ірге көтерді. Рим театры ән, музыка, бидің басын қосқан тұрмыстық күлдіргі сахналарда өрбіді. Б.з.б. 300 жылы ш. ұлттық ателлана комедиясы (маска киген 4 кейіпкер) дүниеге келді. Б.з.б. 3 ғасырдың аяғында халық сауығының бір түрі — мим кеңінен дамыды. Осы кезеңде трагедия (претекста) мен комедияның (паллиата) жаңа түрлері пайда болды. Алғашында ойын-сауықтар ғибадатханалар жанында қойылды.



Гай Юлий Цезарь
Ежелгі Римнің саяси
қайраткері,
қолбасшы,
жазушы. Цезарь —
патрицийлік Юлийле
р әулетінің өкілі.
Билеуші Сулланың т
ұсында Римді
тастап, Кіші
Азияға кетуге
мәжбүр болды.
Сулла қайтыс
болғаннан кейін
Римге қайта оралып,
саяси күреске
араласты.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!